



## Жайық маңындағы стратегиялық нысан: МӨЗ тарихы басталған сәт

1943 жылдың 14 сәуірінде КСРО Мемлекеттік Қорғаныс комитеті елдің шығыс аймақтарында мұнай өңдеу зауыттарын салу туралы аса құпия №3181 қаулысын қабылдады. Бұл шешім Екінші дүниежүзілік соғыс жүріп жатқан қиынқыстау кезеңде мемлекет үшін зор маңызға ие болды. Соғыс қимылдары КСРО-ның еуропалық бөлігін шарпып жатқанда, индустриялық және энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін шығыс аймақтарда жаңа өндірістік нысандар салу міндеті тұрды.

Осы қаулыға сәйкес, қазіргі Атырау қаласы – ол кезде Гурьев деп аталған – маңынан мұнай өңдеу зауыты салынатын орын таңдалды. Жаңа зауыттың құрылысына Жайық өзенінен екі жарым шақырым жер телімі белгіленіп, сол жылдың қазан айында КСРО Халық комиссарлар кеңесінің өкімімен нақты бекітілді.

Зауыттың техникалық жобасын АҚШ-тың әйгілі «Баджер және ұлдары» компаниясы (Badger and Sons) әзірледі. Бұл өз кезегінде кеңестік-америкалық техникалық ынтымақтастықтың бір көрінісі ретінде де қарастыруға болады. Жобадағы кейбір түзету және бейімдеу жұмыстарын КСРО Мұнай өнеркәсібі халық комиссариатының №1 трестінің жобалау ұйымы мен «Ембімұнайжоба» мамандары атқарды. Жергілікті ерекшеліктерді ескере отырып, жоба Қазақстан жағдайына бейімделді.

Ал құрылыс жұмыстары КСРО Ішкі істер халық комиссариаты (ИХК) жанындағы Аэродромдық құрылыс бас басқармасының 3-ші Құрылыс басқармасына тапсырылды. Бұл бөлімше соғыс жағдайындағы маңызды нысандарды салуға маманданған еді. Сол себепті зауыт құрылысы қысқа мерзімде және жоғары деңгейде жүргізілуі жоспарланды.

Гурьев мұнай өңдеу зауытының салынуы Қазақстан мұнай өнеркәсібінің даму тарихында маңызды бетбұрыс болды. Бұл зауыт тек соғыс жылдарындағы экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етіп қана қоймай, кейінгі онжылдықтарда ел экономикасына айтарлықтай үлес қосқан стратегиялық нысанға айналды.

Бизнес-делегация из Германии  
посетила АНПЗ



AMÖЗ-ден басталған өндіріс:  
Ел тарихындағы алғашқы кокске 45 жыл



## ТАҒАЙЫНДАУ



**Серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысының шешімімен «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС Бас директоры болып Қуаныш Ердаулетұлы Бишімов тағайындалды.**

Қуаныш Бишімов 1972 жылы 2 қаңтарда дүниеге келген. Отбасылы. 4 баланың әкесі.

### Білімі:

- Қарағанды Еңбек Қызыл Ту орденінің политехникалық институты (1989-1994 ж.), мамандығы «Автомобиль шаруашылығы және автомобильдер», біліктілігі: инженер-механик;  
- Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік Университеті (1998-2001 ж.), мамандығы «Құқықтану», біліктілігі: заңгер.

### Кәсіптік тәжірибесі:

1994 жылдан 1998 жылға дейін – №3 Қарағанды автобус паркі: автокөліктердің техникалық жағдайын бақылаушы, ОПБ диспетчері

1998 жылдан 1999 жылға дейін – Қарағанды облысы бойынша Кеден басқармасы: кедендік күзет және режим аудитінің инспекторы

1999 жылдан 2001 жылға дейін – Кеден комитетінің Қостанай облысы бойынша Кеден басқармасы: «Қайран» кеден бекетінің инспекторы, «Қайран» кеден бекетінің аға инспекторы

2001 жылдан 2003 жылға дейін – ҚР Экономика және сауда министрлігі/ ҚР Индустрия және сауда министрлігі: қызмет түрлерін лицензиялау/экспорт және импорт бөлімінің бас маманы, экспорттық бақылау бөлімінің бас маманы, экспорттық бақылау және лицензиялау басқармасы бастығының орынбасары

2003 жылдан 2005 жылға дейін – «Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ: қорғаныс өндірістері департаментінің директоры, жобаларды басқару және техникалық даму департаментінің директоры

2005 жылдан 2010 жылға дейін – «Тыныс» АҚ бас директоры

2010 жылдан 2011 жылға дейін – «Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ әскери-техникалық ынтымақтастық жөніндегі вице-президенті

2011 жылдан 2017 жылға дейін – «Петропавл ауыр машина жасау зауыты» АҚ бас директоры

2017 жылдан 2019 жылға дейін – ҚР «Атамекен» ҰКП: Басқарма мүшесі, Басқарма төрағасының орынбасары

2019 жылдан 2020 жылға дейін – «Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы

2020 жылдан 2022 жылға дейін – ҚР ТЖМ Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің «Резерв» РМК бас директоры

2022 жылдан 2025 жылға дейін – «Павлодар мұнайхимия зауыты» ЖШС бас директоры

2025 жылғы 10 сәуірден бастап – «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС бас директоры

### Марапаттар:

«Құрметті машина жасаушы» төсбелгісі (2007 ж.), «Құрмет» ордені (2009 ж.), «Парасат» ордені (2017 ж.)

## ВИЗИТ

# Бизнес-делегация из Германии посетила АНПЗ

В рамках официального визита в Атыраускую область бизнес-делегация из Германии во главе с постоянным заместителем посла ФРГ в Казахстане Ульрихом Кинне посетила Атырауский нефтеперерабатывающий завод.



Основной целью визита стало налаживание контактов и установление новых деловых отношений между казахстанскими и немецкими нефтегазовыми компаниями.

На встрече специалисты АНПЗ рассказали гостям об истории предприятия, ее роли в экономическом и социальном развитии страны, реализуемых

экологических инициативах, а также проектах по улучшению эффективности. Нефтепереработчики отметили высокое качество и надежность внедренного в производство немецкого оборудования.

В ходе экскурсии гости ознакомились с процессом переработки нефти, особенностями функционирования тех-

нологических установок и инновационными технологиями, используемыми на предприятии.

Ульрих Кинне подчеркнул важность расширения диалога между бизнес-сообществами Казахстана и Германии, выразив надежду на укрепление взаимовыгодных партнерств в нефтегазовой сфере. «Представители немецких компаний успешно сотрудничают с казахстанскими коллегами. Есть уникальные проекты, укрепляющие двусторонние связи. Это расширит партнерство между двумя странами в будущем и даст толчок развитию экономики. Я уверен, что предпринятые инициативы проложат путь к еще более тесному сотрудничеству. Поздравляю АНПЗ с 80-летием и желаю успехов в работе», - сказал он.

Отметим, что взаимодействие с зарубежными компаниями является для АНПЗ важным элементом в совершенствовании производственных процессов. Компания открыта к диалогу и готова к сотрудничеству для достижения общих целей.



## МЕЙМАН

# «Самұрық-Қазына» омбудсмені Атырау мұнай өңдеу зауыты қызметкерлерімен кездесті

2025 жылдың 4 сәуір күні «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорының омбудсмені Серікбай Тұрымов Атырау мұнай өңдеу зауытының еңбек ұжымымен кездесті. Жұмыс барысында омбудсмен қордың негізгі міндеттері мен өзінің атқаратын қызметі туралы кеңінен баяндап, жұмысшылардың әлеуметтік жағдайына қолдау көрсету – басты мақсаттарының бірі екенін атап өтті.

– Біздің қор қызметкерлердің әлеуметтік жағдайына қолдау білдіріп, туындаған сұрақтардың шешімінің табылуы жолында қызмет жасайды. Сол себептен де көкейтесті сұрақтарыңыз бен толғандырған мәселелеріңіз

болса тыңдауға, одан әрі өтініштерді тиісті орындарға жеткізуге дайынмын, – деді Серікбай Өтелгенұлы.

Кездесу ашық форматта өтті. Мұнай өңдеуші мамандар өздерінің ұсыныс-пікірлері мен сұрақтарын қойып,



нақты мәселелерді ортаға салды. Омбудсмен барлық өтініштерді назарға алып, заң аясында тиісті органдармен бірлесіп шешуге уәде берді.

Осындай кездесулер «Самұрық-Қазына» қорының қызметкерлермен тікелей байланыс орнатуға, олардың құқықтарын қорғауға және әлеуметтік мәселелерін уақтылы шешуге бағытталған жүйелі жұмысының бір бөлігі саналады.



ЗАУЫТҚА – 80 ЖЫЛ

# AMÖЗ-ден басталған өндіріс: Ел тарихындағы алғашқы кокске 45 жыл

Атырау мұнай өңдеу зауытының 80 жылдық шежіресі тарихи жетістіктермен өріліп жатыр. Солардың ішінде ерекше орын алатын, ел үшін маңызды белес – 1980 жылы баяу кокстеу қондырғысының өндірістік іске қосылып, Қазақстанда тұңғыш рет кокс өнімі алынған сәт.



Николай Петрович Бурыкин мен Николай Демяшев

Бұл тарихи оқиға сол кездегі «Новатор» газетінің 1980 жылғы 25-нөмірінде «Алғашқы кокс алынды!» деген қуанышты айдармен жарық көрді. И. Грушенковтың қаламынан туған репортаж сол сәттің тыныс-тіршілігін, адамдардың үмітін, еңбегін, толқуын дәл жеткізе білді. Үнжарияның бірінші бетінде жарияланған мақаласында ол былай деп жазды:

«Бірінші реактор тоқтатылған соң бір тәулік өтті. Бірақ ондағы температура әлі де жоғары болды. 500 градустан 150 градусқа дейін түскен. Ал реакторды ашу үшін температура 90 градустан аспауы керек... Уақыт баяу өтуде. Екінші реакторда толық қуатпен кокс алу процесі жүріп жатыр. Бірақ бірінші реакторды ашуға әлі де ерте еді. Ішінде не болып жатқаны беймәлім. Барлық мамандар – аға оператор А.Г. Медведев, бас

Митингтен кейін қатысушылар жаңадан салынған кешеннің аумағын аралады. Сол сәтте Маңғыстау мұнайының ауыр қалдықтары реакторға жеткізіліп, бір апта бойы бірінші реакторда кокс алу процесі жүргізілді. Бұл жұмыстарда зауыт қызметкерлерімен қатар, технологиялық қызмет, әкімшілік, монтаждаушылар бірлесіп еңбек етті.

Қондырғы іске қосылғаннан кейін үш апта өткен соң, баяу кокстеу цехының ұжымы өндіріс қарқынын арттырып, реакторларды әр екі тәулікте бір рет тұрақты түрде түсіру тәртібін жолға қойды. Электродтық кокс өндірісі тәулігіне 100 тоннаға жуықтады. Бұл – арнайы қайта даярлық курсынан өткен тәжірибелі мұнай өңдеушілердің, операторлардың қажырлы еңбегінің арқасында жүзеге асты.



технолог Ф.З. Гумеров, оператор А.П. Родионов, іске қосушы В.К. Гребенкин – жану, бөлу, кокс алу режимдерін қалт жібермей бақылауда ұстады. Ақыры көптен күткен сәт туды. Люктер ашылып, ішіндегі қатқан масса бұрғылана бастады.»

Сол сәтте зауыт аумағында бұрын-соңды болмаған ерекше толқу болды. Бұл – алғашқы кокс еді. Қазақстандық. Адал еңбекпен келген таза өнім. Жаңа ғана алынған кокс әлі ыстық, кеуекті, қара түсті болды. Көмірге ұқсайды, бірақ салмағы жеңіл. Сол күні 85 тонна кокс өндірілді. Бұл көрсеткіш зауыт тарихында өндірістік жаңа дәуірдің басталғанын айшықтады.

1980 жылдың 7 шілдесі күні жаңа технологиялық желінің – баяу кокстеу қондырғысының – іске қосылуына арналған салтанатты митинг өтті. Оған зауыт басшылығы, «Гурьевхиммонтаж» басқармасының өкілдері, монтажшылар мен операторлар, Мәскеуден келген мамандар қатысты. Митингте сөз сөйлегендер қатарында бригадир О. Каракузов, оператор С. Галамов, басқарма басшысы Д. Ескалиев, зауыт директоры А.П. Вакуров болды. Бәрі де бұл жетістіктің артында тынымсыз еңбек пен ұжымдық жауапкершілік тұрғанын ерекше атап өтті.

Сол күндердің фотосуреттерінде баяу кокстеу қондырғысының аға операторы Николай Петрович Бурыкин мен реактор блогының операторы Николай Демяшев бейнеленген. Екеуі де жаңа қондырғының іске қосылуына белсенді атсалысқан үздік мамандар ретінде зауыт тарихында өз ізін қалдырды.

Баяу кокстеу – жай ғана өндірістік процесс емес. Бұл – ғылым мен практиканың, еңбек пен табандылықтың жемісі. Бұл – AMÖЗ-ден басталған отандық кокс өндірісінің бірегей жаңалығы. Уақыт өте келе бұл сала Атыраудың, жалпы Қазақстанның өндірістік әлеуетінің жарқын үлгісіне айналды.

2025 жылдың алғашқы тоқсанында баяу кокстеу қондырғысында кокс өндірісі 104%-ға орындалды. Қазір бұл қондырғы жаңартылып, заманауи талаптарға толық сай келеді. Бірақ қандай жетістікке жетсек те, 1980 жылғы алғашқы қадам – ең маңыздысы. Ол – Атырау мұнай өңдеу зауытының ұжымы үшін мақтаныш, ал Қазақстан мұнай-химия өнеркәсібі үшін – тарихи белес.

Алғашқы кокс – ел тарихындағы өндірістік зерттелістің белгісі. Ол еңбекпен келген, ұрпақтар жадына мәңгі жазылған жетістік.

## ХРОНОЛОГИЯ

### Егемендікпен өрілген AMÖЗ жылнамасы

(Жалғасы)

#### 2001 жыл

- 4 желтоқсанда «Марубени Корпорейшн» және JGC компанияларымен Атырау МӨЗ-ін толықтай қайта құру туралы келісімшартқа қол қойылды.
- 20 желтоқсанда Жапонияның Халықаралық ынтымақтастық банкімен несиелік келісімге қол қойылды.
- Жыл қортындысы бойынша AMÖЗ 2 197,3 мың тонна мұнай өңдеді.

#### 2002 жыл

- Ақпан айында AMÖЗ технологиялық қондырғылары құрылысының іргетасына символдық тасты қою рәсімі өтті.
- Жыл қортындысы бойынша AMÖЗ 2 281,5 мың тонна мұнай өңдеді.

#### 2003 жыл

- 2003 жылдың 17 наурызында Атырау МӨЗ толықтай қайта құру жөніндегі келісімшарт күшіне енді. Келісімшарттың жалпы соммасы 340 млн. АҚШ долларын құрады.
- 2003 жылғы 10 сәуірде Атырау МӨЗ – де жобаны іске асырумен тікелей айналысатын, салынып жатқан кәсіпорын дирекциясы-мамандандырылған бөлімше құрылды.
- 2003 жылдан бастап ҚР аумағында этилденген бензин маркаларының айналымына тыйым салынып, зауыт этилденбеген бензин шығаруға көшті.
- Қараша айында аралас қондырғының бензин секциясының құрылыс алаңында қадаларды қағу басталды.

- Жыл қортындысы бойынша AMÖЗ 2 321,1 мың тонна мұнай өңдеді.

#### 2004 жыл

- AMÖЗ АИ-96 этильдендірілмеген бензин өндірісі құқығына рұқсат беру – техникалық қортындысына қол жеткізді.
- Келесі нысандар пайдалануға берілді және қайта жаңартылды.
- Жыл қортындысы бойынша AMÖЗ 2 912,1 мың тонна мұнай өңдеді.

#### 2005 жыл

- Атырау МӨЗ салтанатты түрде 60-жылдық мерейтойын атап өтті.
- Жыл қортындысы бойынша AMÖЗ 3 513,8 мың тонна мұнай өңдеді.

#### 2006 жыл

- 16 ақпанда AMÖЗ қайта құру жобасының механикалық түрде аяқталуының салтанатты рәсім өтті.
- Зауыттың барлық жаңа әрі жұмыс жасап тұрған технологиялық қондырғыларын біріктіретін, ортақ алау жүйесі іске қосылды.
- Қышқыл газдың арнайы алау жүйесі іске қосылды.
- №1 және №2 цехтарды біріктіру арқылы «мұнай өңдеу және мұнай өнімдерін терең күкіртсіздендіру» жаңа өндірісі құрылды.
- Айналымды сумен жабдықтау салқындату градирнясы орнатылды.
- 12 мамырда 2003-2006 жж. қайта құру шеңберінде салынған технологиялық қондырғыларды пайдалануға берудің ресми рәсімі өтті, оған Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев қатысты.
- 22 қыркүйекте мемлекеттік қабылдау комиссиясы «Атырау мұнай өңдеу зауытын қайта құру» жобасының объектілерін қабылдау туралы актіге қол қойды.
- Техникалық азот өндірісі бойынша екінші қондырғы пайдалануға берілді.
- «AMÖЗ» ЖШС сертификатталып, экология саласындағы ISO 140001:2004 сериялары мен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы OHSAS 180001:2008 сериялары халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес жұмыс істей бастады.

- Жыл қортындысы бойынша AMÖЗ 3 746,3 мың тонна мұнай өңдеді.

#### 2007 жыл

- 15 Маусымда СПУМ-02 (өмбебап мобильді жуу станциясы) қондырғылары мен қазандық қондырғыларына сынақ жүргізілді.
- Жыл қортындысы бойынша AMÖЗ 3 701,0 мың тонна мұнай өңдеді.

#### 2008 жыл

- «Преммун-95» маркалы автобензин шығару игерілді, сертификаттық сынақтар жүргізілді және сәйкестік сертификаты алынды.
- «Орталық зауыт зертханасы» СО жаңа ғимараты пайдалануға берілді.
- Жыл қортындысы бойынша AMÖЗ 3 924,5 мың тонна мұнай өңдеді.

#### 2009 жыл

- «Супер-98» автомобиль бензинінің тәжірибелік-өнеркәсіптік партиясы алынды. 2010 жылы оның өнеркәсіптік өндірісі жолға қойылды.
- Зауыттың негізгі технологиялық қондырғылары екі жылдық жөндеу цикліне ауыстырылды, өндіріс шығындары қысқарады (модернизацияға көбірек қаражат жұмсалады), қайта өңдеу және мөжбүрлі технологиялық шығындар азаяды.
- 29 қазан күні қытайлық Sinopec Engineering компаниясымен Ароматикалық көмірсутектер өндірісінің құрылысын толықтай аяқтау жөнінде соммасы 1 040 млн АҚШ доллары тұратын келісімшартқа қол қойылды.

- «AMÖЗ» ЖШС менеджмент сапасы саласында ISO 9001:2008 сериясының халықаралық стандартының талаптарына сәйкес сертификатталған.
- 2009 жылы Орталық зауыт зертханасына 5 жылға аккредиттеу аттестаты берілді.

- «Новатор» зауыттық басылымының электрондық нұсқасы шыға бастады.
- Зауыттың жеке электрондық кітапханасы қалыптасты.
- ЭЛОУ-АВТ-3 мұнай бастапқы өңдеу қондырғысы, катализаторлық риформинг қондырғысы, техникалық азот өндіру қондырғысы және алау шаруашылығы бар №3 цех «Мұнай өңдеу және терең күкіртсіздендіру өндірісі» құрамына кірді.
- AMÖЗ 4 004,0 мың тонна мұнай өңдеді.

#### 2010 жыл

- «Супер-98» автобензинінің алғашқы партиясы алынды.
- 30 шілдеде Астанада «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ мен «AMÖЗ» ЖШС арасында «хош иісті көмірсутектерді өндіру бойынша құрылыс кешені» инвестициялық жобасын іске асыру шеңберінде Бас кредиттік келісімге қол қойылды.
- 4 қыркүйекте Атырау МӨЗ-де Хош иісті көмірсутектер өндіру кешені құрылысының іргетасына алғашқы тас қалау бойынша салтанатты рәсім өтті.
- 1 қазанда "хош иісті көмірсутектерді өндіру бойынша құрылыс кешені" инвестициялық жобасын іс жүзінде іске асыру басталды.
- ҚР "мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерінің өндірісі мен айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Заңына сәйкес AMÖЗ-де мұнай қабылдау мен мұнай өнімдерін жіберуді есепке алудың коммерциялық тораптарын орнату бойынша жұмыстар жүргізілді.
- ЭЛОУ-АВТ-3 мұнайын бастапқы өңдеу қондырғысы автоматтандырылған басқару жүйесіне ауыстырылды.
- «AMÖЗ» ЖШС ресми сайты іске қосылды.
- Жыл қортындысы бойынша AMÖЗ 4 300,1 мың тонна мұнай өңдеді.



ЧЕЛОВЕК ТРУДА



**Светлана Самигуллина, ведущий бухгалтер по учету обязательств, в марте вышла на заслуженный отдых. 40 лет своей жизни она нужна была заводу так же, как завод нужен был ей. Завод – это судьба, считает Светлана Ивановна.**

Родилась и выросла она в Жилгородке. Этот район был не просто городским микрорайоном, а настоящей семьей: все друг друга знали, почти в каждом доме кто-то работал на заводе. Её родители – в том числе. Папа, Иван Александрович, с пер-

## Завод, ставший судьбой

вых дней работы предприятия трудился в РМЦ, но он рано ушел из жизни, Светлане не было и двух лет. Мама, Татьяна Александровна, проработала более 40 лет в центральной заводской лаборатории.

И так было практически в каждой жилгородской семье, династии на заводе были нормой, так было принято – передавать друг другу знания и опыт, так жили и работали все предприятия и организации в те годы.

Жилгородок жил заводом. Вся инфраструктура его выстроена так, чтобы людям было удобно работать и жить рядом с предприятием. Молодёжь, не поступившая в институт сразу после школы, шла работать, и завод становился для них вторым домом. Можно было прийти работать слесарем или оператором и со временем вырасти до инженера или даже директора. В те времена руководящие должности занимали люди, которые начинали свой трудовой путь с рабочих профессий и хорошо понимали все процессы изнутри.

– После школы, в 1981 году, я, как и многие мои одноклассники, которым не удалось поступить в институт в год окончания школы, пришла на завод. В нашем выпуске было восемь таких ребят. Год работала в шестом цехе, занималась общественной работой, вела документацию, – рассказывает Светлана Ивановна. – Среди нашей заводской мо-

лодёжи были те, кто впоследствии занял руководящие посты: Марат Смагулов стал начальником ТЭЦ, Максим Досмаилов – начальником электроцеха. Завод они познали от винтика до самой сложной установки.

Затем я поступила в Карагандинский государственный университет на финансиста. После учёбы поработала немного в бухгалтерии химзавода, но поняла, что ГНПЗ мне ближе, он родной, и устроилась в транспортный цех в 1985 году. Там в мои обязанности входило, среди прочего, сдавать отчёты в бухгалтерию. Тогда главный бухгалтер искала новых специалистов, поскольку большая часть старых кадров уходила на пенсию. Так я оказалась в бухгалтерии – сначала в расчётном отделе, потом в методологическом, а затем в отделе обязательств.

Работать было нелегко – старые бухгалтеры ушли, а молодые, пришедшие им на смену, осваивали всё буквально с нуля: учились у старших коллег, штудировали литературу.

– Я, например, нашла учебник «Бухучёт» советских времён и изучила его досконально. Потом передала молодому специалисту – пусть традиции обучения сохраняются. Когда я вернулась из декретного отпуска, в бухгалтерии появился первый компьютер. Его поста-

вили мне. Постепенно бухгалтеры стали не только считать, но и осваивать программирование, работать с базами данных. Позже появились профессиональные бухгалтерские программы, но и здесь нам пришлось многому учиться самостоятельно, – продолжает Светлана Ивановна. – Со временем всё изменилось. Сегодня завод уже не тот, каким я его знала всегда. Молодые сотрудники приходят не ради карьеры, а ради стабильного заработка. Политика компании изменилась: больше нет преференции поколений, кадровые перемещения стали нормой, а возможность долгосрочного развития специалистов сведена к минимуму. И хотя талантливых, умных и ответственных молодёжи на АНПЗ хватает, тем не менее завод – это просто работа, но уже не судьба. Время всегда диктует свои условия, и, наверное, так правильно теперь. Мне жаль расставаться с коллегами, с этим особым ритмом жизни, который был со мной четыре десятка лет. И я благодарна заводу за всё – за опыт, за людей, за атмосферу, которая, несмотря на перемены, остаётся особенной.

Эта красивая, молодая и умная женщина ни капли не боится остаться один на один со свободным временем: планы на заслуженный отдых Светлана Ивановна, как любой уважающий себя бухгалтер, уже выстроила. И мы желаем ей удачи!

СПОРТ

## AMÖZ операторы Қазақстан чемпионы атанды

**Атырау мұнай өңдеу зауытының Күкірт және кокс өндірісінің технологиялық қондырғы операторы Мейірлан Әсет еліміздегі аралас жекпе-жек (ММА) бойынша өткен байрақты бәсекеде топ жарып, тағы бір жеңісімен қуантты.**

Ол «NOMAD MMA» федерациясы ұйымдастырған жастар мен ересектер арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионатында 86 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсетіп, 1-орынды жеңіп алды. Бұл – қажырлы еңбек пен табанды жаттығудың және спортқа деген шынайы сүйіспеншіліктің нәтижесі екені анық.

«Спортқа деген қызығушылығымды туған ағам Нұрлан ӘСЕТ оятты. Ол мені 12 жасымда №2 балалар-жасөспірімдер спорт мектебіндегі кикбокс спортына алып барды. Сол кезден бері тежірибе жинақтап түрлі алаңда жеңімпаз атанып жүрдім. 2016 жылы отбасылы болуыма және қосымша жұмыстарыма байланысты кикбокс пен шұғылдануды уақытша тоқтаттым. Десек те спортты тастаған емеспін. Жасы келген боксшылардың рингке шығу мүмкіндігі аз, соларға мотивация болғым келеді. Өйткені барлығы өзімізге байланысты екендігін айтқым келеді», – дейді «AMÖZ» ЖШС технологиялық операторы Мейірлан Әсет.

Кейіпкеріміз жарыстарға қатысып қана қоймай, 8-18 жастағы балаларды тегін жаттықтырады.

«Бүгінде 3 ықшам ауданда



боксқа қызығушылық танытқан 100 ге жуық балаға былғаары қолғап шебері болуға мұрындық болып жүрмін. Қазірдің өзінде жаттығушыларымның нәтижесін көріп отырмын. Оларда түрлі жарыстардан алдыңғы орындарды иеленуде. Сондағы мақсатымыз икемі бар балалардан чемпион жасау. Ал кейбір ата-аналардың ақылы түрде қатыстыруға жағдайлары келе бермейді. Бүгінде біртіндеп мақсатымызға қол жеткізудеміз».

Мейірлан бүгінде 3 ұл бір қыздың әкесі. Екі үлкен ұлы әкесінің ізімен спортқа жақындығын байқатып, бокспен айналысуды бастаған. Балаларымның өмір жолында тек үлгі болуға тырысамын. Ал өмірлерінің қалай өрілетіндігін өздері таңдайды дейді.

Спорт – салауатты өмір салтын ұстануға бейімдеп қана қоймай, көптеген сырлас жандарды жаныма жиып берді деп түйіндеді.

Ол осыған дейін 2006, 2012, 2013

жылдары ҚР-ның 3 дүркін жеңімпазы, 2014 жылы әлем Кубогының иегері, 2015 ҚР-ның кубогының жеңімпазы, Азия чемпионатының күміс жүлдегері, 2016 жылы ҚР-ның мықтылар турнирінің жеңімпазы және т.б. бірнеше халықаралық турнирдің жеңімпазы болған Сонымен қатар Италия, Венгрия, Бразилия елдерінде әлем чемпионатының қатысушысы болды. Расында, бокс спорттың қиын түрі және бір соққы спортшының өмірін түгел өзгертуі мүмкін. Сонда да кейіпкеріміз алдағы күнде көп елді саяхаттап, мықты спортшылармен жүздесіп, талай асуларды бағындыратынына көміл сенеді.

Әріптесіміздің жеңісті сәттері – зауыт ұжымының абыройы мен мақтанышы. Ол кәсіби қызметімен қатар, спортта да үздік нәтижеге жетуге болатынын дәлелдеді.

Мейірлан Әсетті тұғырлы жеңісімен шын жүректен құттықтаймыз! Алдағы жарыстарда да биіктен көрінуін тілейміз!

**«Каракурт»**  
(черная вдова)

**Каракурт** – является одним из самых ядовитых пауков мира – его яд в 15 раз сильнее, чем у гремучей змеи.

Самка «Каракурта»  
Размеры Самка 10-20 мм. Самец 4-7 мм.

\*Укусить человека может только самка каракурта, самец не прокусит кожу

Каракурт, как правило не встречается в городах но изредка поселяется в пригородах, свалках, брошенных постройках, сараях и т.д. Эти насекомые ведут ночной образ жизни, а днем прячутся под камнями. Наиболее ядовиты половозрелые самки. После укуса на теле видно маленькое красное пятнышко, быстро исчезающее. Наступает сильное психическое возбуждение, укушенный испытывает страх смерти. Нередко наблюдается головокружение, головная боль, удушье, судороги, рвота. Затем больной становится вялым, но ведет себя беспокойно, сильные боли лишают его сна. В тяжелых случаях, при отсутствии медицинской помощи, через день-два после укуса наступает смерть.

Симптомы	Что делать при укусе
<ul style="list-style-type: none"> <li>• сплюновывание;</li> <li>• проливной пот;</li> <li>• рвота;</li> <li>• гипертония;</li> <li>• тахикардия;</li> <li>• одышка;</li> <li>• тревожность;</li> <li>• головные боли;</li> <li>• слабость в теле;</li> <li>• недержание мочи.</li> </ul>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. При укусе на работе незамедлительно звонить дежурному фельдшеру: <b>59-3-03;</b></li> <li>2. Успокоить и уложить пострадавшего, ни в коем случае не давать ему суетиться и беспокоиться;</li> <li>3. Давать пострадавшему обильное сладкое тёплое питье (некрепкий чай);</li> <li>4. Приложите к месту укуса холодный компресс, который уменьшит болезненные ощущения;</li> <li>5. При появлении озноба, ощущения холода и напряжения мышц согрейте конечности пострадавшего;</li> <li>6. Используйте любое болеутоляющее средство.</li> </ol>

Смертность от укуса каракурта составляет 10%. Разработано службой БиОТ ТОО «АНПЗ»